

УТВЕРЖДЕНЫ

решением Совета Директоров
Акционерного общества

«Страховая компания «Евразия»

Протокол от «31» октября 20__ года



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ПРАВИЛА
СТРАХОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ
АДВОКАТОВ/ЮРИДИЧЕСКИХ КОНСУЛЬТАНТОВ
(ИЗЛОЖЕННЫЕ В НОВОЙ РЕДАКЦИИ)**

Разработчик	Дата	Подпись
Джантуреев Н.А., Заместитель Председателя Правления	31.10.2024	
Отдел разработки и развития страховых продуктов		
Шахворостова А.У. начальник Отдела разработки и развития страховых продуктов	31.10.2024	
Согласующие подразделения		
Гульбаев Н.Ш., Заместитель Председателя Правления	31.10.2024	
Департамент андеррайтинга		
Портной В.В., Директор Департамента перестрахования и андеррайтинга	31.10.2024	
Юридический департамент		
Ахметова Д.Н. Директор юридического департамента	31.10.2024	
Департамент контроля за страховыми выплатами		
Славкин Ю.В., Исполнительный директор	31.10.2024	
Департамент риск-менеджмента		
Бекетов Т.Н., Директор Департамента риск-менеджмента	31.10.2024	
Комплаенс контролер		
Абдуллаева А. Руководитель службы комплаенс-контроля	31.10.2024	



САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ:

[1-бап. Жалпы ережелер](#)

[2-бап. Сақтандыру объектісі](#)

[3-бап. Сақтандыру сомаларын және сақтандыру сыйлықақысын айқындау тәртібі](#)

[4-бап. Сақтандыру жағдайы](#)

[5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу.](#)

[Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері](#)

[6-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі, қолданылу мерзімі мен орны](#)

[7-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері](#)

[8-бап. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері](#)

[9-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі](#)

[10-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары](#)

[11-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары](#)

[12-бап. Дауларды шешу тәртібі](#)

[13-бап. Қосымша шарттар](#)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР

1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және осы «Евразия» СК» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Сақтандырушы») Адвокаттардың/заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – «Ережелер») негізінде көрсетілген заң қызметтерінің нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіргені үшін адвокаттардың/заң консультанттарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуына байланысты тәуекелдерді сақтандыруға қабылдайды.

1.2. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады::

1) Пайда алушы (Клиент) – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы болған кезде осы Шарт пайдасына жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

3) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан адвокат/заң консультанты. Егер адвокат адвокаттық кеңсенің серіктесі болып табылса, онда оның кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуды адвокаттық кеңсе жүзеге асыруы мүмкін. Егер заң консультанты заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрса, заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндет осы заңды тұлғаға жүктеледі;

4) Сақтандырылушы – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Осы шартта Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады.

5) Сақтандыру объектісі – Сақтанушының (сақтандырылған адамның) адвокаттық қызметті немесе заң консультанттарының қызметін жүзеге асыруға байланысты шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін адамға келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері;

6) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі және сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;



- 7) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 8) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 9) **Үшінші тұлға** (Сақтанушының клиенті) – Шарттың тарабы болып табылмайтын, Шартқа сәйкес адвокат заң көмегін көрсеткен және адвокаттың/заң консультантының абайсызда өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген тұлға;
- 10) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 3.2. Сақтандыру сомасы заң қызметін көрсету кезінде үшінші тұлғаларға зиян келтіру кезінде ықтимал залал сомасын негізге ала отырып, тараптардың келісімі бойынша айқындалады, бірақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сақтандыру сомасынан кем болмауы тиіс.
- 3.3. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сондай-ақ оны төлеудің тәртібі мен мерзімдері Сақтандыру шартында белгіленеді.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

4.1 Сақтандырылған адамның заң көмегін көрсету кезінде жіберген кәсіби қателіктері нәтижесінде шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.

Кәсіби қателіктер деп мыналар түсініледі:

- 1) іс жүргізу мерзімдерін өткізіп алу;
- 2) құжаттардың дұрыс ресімделмеуі;
- 3) өзіне зиян келтіруге әкеп соққан жасалатын заңдық іс-әрекеттердің салдары туралы шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаны хабардар етпеу;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) заң көмегін көрсету үшін клиенттен қабылдау-тапсыру актісі бойынша алынған құжаттардың жоғалуы немесе бүлінуі;
- 5) адвокаттық құпияны құрайтын не сақтандырылған адамға заң көмегін көрсету процесінде белгілі болған мәліметтерді заңсыз жария ету.

Сақтандыру шартында сақтандырылған тұлғаның құқықтық көмек көрсетуі нәтижесінде, шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соққан өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін..

4.2 Егер шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиян Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кәсіби міндеттерін қасақана емес бұзуының салдары болып табылса, сақтандыру жағдайы орын алды деп есептеледі.



4.3 Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға/Сақтандырылушыға жүктеледі.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

5.1. Егер сақтандыру жағдайы төмендегілердің салдарынан туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылған адамның және (немесе) Пайда алушының, қажетті қорғану және (немесе) аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің салдарынан;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылған адамның және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан;
- 3) сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның басталуына ықпал ететін үшінші тұлғалардың қасақана әрекеттерінен;
- 4) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан;
- 5) адвокаттың заң көмегін көрсету туралы шарт жасаспай, сол сияқты мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде адвокаттық қызметтер көрсету шеңберінде өзге де құжаттарды ресімдемей заң көмегін көрсетуі;
- 6) лицензияның қолданылуы не адвокаттар алқасына мүшелігі тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыру;
- 7) Заң консультанттары палатасына мүшелікті тоқтату кезеңінде заң консультантының қызметін жүзеге асыру.

5.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;
- 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде сақтандырушыға кедергі жасауы;
- 4) сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау;
- 5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі ендігі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
- 6) Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің болуы;
- 7) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайлар негіз болуы мүмкін.

5.3. Егер сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушының дер кезінде білгендігі дәлелденбесе не бұл жөніндегі мәліметтердің сақтандырушыда болмауы оның сақтандыру төлемі міндеттеріне ықпал етпейтін болса, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабар бермеу оған сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.

5.4. Сақтандырумен өтелмейді:



- 1) моральдық залал, ұтылған пайда, алынбай қалған табыстар, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталуына байланысты өзге де жанама шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыптары және т.б.);
- 2) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын бөлігіндегі залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағының шегінен тыс келтірілген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) көзқарасы бойынша күтілетін немесе болжанатын залалдар;
- 5) Сақтандыру шартының қолданылуы кезінде орын алған, бірақ Шарттың қолданылуы басталған күнге дейін болған оқиғалардың нәтижесінде туындаған зиянды өтеу туралы кез келген талаптар.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

6.1. Сақтандыру шарты тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, Сақтандырушының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес жазбаша нысанда жасалады.

Сақтандыру шарты жасалады:

- 1) қағаз нұсқада - Сақтанушы қол қойған сақтандыруға арналған өтініш негізінде;
- 2) Сақтандырушының және/немесе Сақтандырушының серіктесі болып табылатын басқа да ұйымдардың интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен электрондық нысанда.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен жасалған сақтандыру шарты «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалуға тиіс.

Электрондық нысандағы сақтандыру өтініші Сақтанушының/Сақтандырылушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі туралы мәліметтерді қамтиды.

Сақтандыруға өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

6.2 Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, шарт оған тараптар қол қойған кезден бастап жасалған болып есептеледі.

6.3 Егер Сақтанушының сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру объектісіне қатысы бар, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін маңызы бар көрінеу дұрыс емес ақпаратты хабарлағаны, өзіне белгілі мәліметтерді жасырғаны немесе бұрмалағаны дәлелденсе, шарт жасалған кезден бастап жарамсыз деп танылады.

6.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайлар туралы, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуға тиіс болмаса, хабарлауға міндетті.

Тәуекелді арттыратын елеулі мән-жайларға, соның ішінде, мыналар жатады:

- 1) соңғы 7 жылда заң қызметін жүзеге асыру кезінде заңнаманы бұзу;
- 2) адвокаттық қызметпен айналысу құқығын кері қайтарып алу/одан айыру;
- 3) үшінші тұлғалар алдында Сақтанушының/Сақтандырылушының міндеттемелерді орындамауы, міндеттемелерді сапасыз орындауы туралы талаптардың болуы;
- 4) Сақтанушының/Сақтандырылушының іс-әрекеттерінің заңсыз екендігі туралы уәкілетті және құзыретті органдар немесе реттеушіден алынған түсіндірмелердің болуы, немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттерінің дұрыс еместігін бағалауға мүмкіндік беретін осындай түсіндірмелердің болуы;
- 5) Сақтанушының/Сақтандырылушының іс-әрекеттерінің дұрыс еместігі туралы уәкілетті құзыретті органдардың немесе реттеушінің түсініктемелерінің болуы немесе



Сақтанушының/Сақтандырылушының іс-әрекеттерінің дұрыс еместігі туралы пікір білдіруге мүмкіндік беретін осындай түсініктемелердің болуы;

6) Сақтанушының/Сақтандырылушының қызметінде тексеруші компаниялар, органдар, аудиторлар тапқан қателіктерді анықтау;

7) уәкілетті органдардың Сақтанушы/Сақтандырылушы жауапкершілігінің туындауына әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдауы.

6.5. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) шарт жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Кез келген жағдайда елеулі деп осы Ережелердің 6.4-бабында көрсетілген өзгерістер танылады.

6.6. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы сақтандыру шартының шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, сақтандырушының сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

6.7. Сақтандырушы құқылы:

6.7.1. Сақтанушының/Сақтандырылушының кәсіби қызметіне қатысы бар

Сақтанушының/Сақтандырылушының құжаттарымен танысуға;

6.7.2. өз өкілдерін өз қалауы бойынша таңдап алынған және Сақтанушының/Сақтандырылушының кәсіби қызметіне қатысы бар объектілерге жіберуге.

6.8. Сақтандыру шарты бойынша жіберілетін хабарламалар мен хабарлар жазбаша нысанда жасалуға және пошталық, электрондық немесе Тараптармен келісілген өзге де байланыспен жіберілуге тиіс.

6.9. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңі (сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі) Сақтандыру шартында айқындалады.

6.10. Сақтандыру шартының қолданылу орны Сақтандыру шартында айқындалады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Сақтандырушыға (оның ішінде филиал, өкілдік арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жіберуге;

3) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде - оның телнұсқасын алуға;

4) Сақтандыру шартының шарттарын өзгертуге;

5) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға.

7.2. Сақтанушы міндетті:

1) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;

2) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қолдануға;

3) дереу, бірақ оған заң көмегін көрсету кезінде үшінші тұлғаның келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою фактісі туралы белгілі болғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептер бойынша көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған болса, ол мұны құжат жүзінде растауға тиіс;



- 4) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін алу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;
- 5) сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті ақпаратты (үшінші тұлғаға заң көмегін көрсетуге байланысты төленген залалдар тарихын, Сақтанушыны сәйкестендіретін және оның адвокат/заң консультанты өкілеттігін растайтын құжаттарды) беруге;
- 6) сақтандыру жағдайы бойынша құжаттаманы, оның ішінде адвокаттың/заң консультантының заң көмегі қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуға;
- 7) Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде сұратқан барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға.

7.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген зиянның мөлшерін айқындауға және сақтандыру төлемінің сомасын айқындауға;
- 3) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;
- 4) Сақтанушыдан клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- 5) Сақтанушыға/Пайда алушыға Сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 6) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға.

7.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 2) Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен сақтандыру сыйлықақысын төлеу мүмкіндігін беруге (сақтандыру шарты электрондық нысанда жасалған жағдайда);
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 4) өзі тартатын бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметіне ақы төлеуге;
- 5) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушының өтеуіне жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 6) Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті;
- 7) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде, Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарап, дауды реттеудің әрі қарайғы тәртібін көрсете отырып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша жауап ұсынуға;
- 8) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жолданатын өтінішті алған кезде, аталған өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына жолдауға.

7.5. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерге ие.

7.6. Сақтанушы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерге ие.

8. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ

8.1. Сақтанушы/Сақтандырылушы міндетті:

8.1.1. Орын алуы мүмкін залалдарды азайту бойынша қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға.

8.1.2. Заң көмегін көрсету кезінде келтірілген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғаның талап қою фактісі туралы оған белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша нысандағы



хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуға тиіс. Егер Сақтанушының дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

8.1.3. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру жағдайына байланысты оған қойылатын талаптарды мойындамау, осындай талаптарды реттеу жөнінде өзіне қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтемеуге;

8.1.4. Сақтандырушыға оның иелігіндегі барлық материалдар мен құжаттарды, сақтандыру шартының талаптары бойынша өтелуге тиіс шығынның шын мәнінде келтірілгенін дәлелдейтін оқиғаның басталған уақыты мен мән-жайлары туралы өзге де ақпаратты ұсынуға;

8.1.5. Сақтандырушының талап етуі бойынша оның өкілінің сот талқылауына қатысуын қамтамасыз етуге. Сақтандырушыға жәрдем көрсету және оның өтініші бойынша тыңдаулар мен сот талқылауларына қатысу, наразылықтарды реттеуге және сот істерін жүргізуге жәрдем көрсетуге.

8.1.6. Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға зиянды өтеуге (суброгацияға) талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

9.1. Сақтандыру төлемі туралы талап немесе Сақтанушыны не үшінші тұлғаны сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда хабардар ету.

Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының кәсіби жауапкершілігінің басталуы туралы заңды күшіне енген сот шешімінің және сот ісі материалдарының көшірмесі (егер Сақтандырушы нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтірілген мән-жайларды сот талқылауынсыз сақтандыру жағдайы ретінде танымаған жағдайда) және/немесе сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары мен себептері туралы құжаттардың түпнұсқасы (құзыретті органдардың уәкілетті тұлғалары куәландырған);
- 3) Сақтанушыға зиянды өтеу туралы жіберілген хабарламалар, талаптар, наразылықтар және сақтандыру жағдайына қатысты өзге де құжаттар;
- 4) заң көмегін көрсету туралы шарттың көшірмесі, адвокаттың немесе заң консультантының заң көмегіне ақы төленгенін растайтын құжаттар, сондай-ақ олардың негізінде заң көмегі көрсетілген өзге де құжаттар/материалдар;
- 5) Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар: жеке басын куәландыратын құжат не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері;
- 6) уәкілетті мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының басталу фактісін, сақтандыру жағдайының басталу себепін және залалдың мөлшерін растайтын құжаттары;
- 7) Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар;
- 8) сақтандыру жағдайына қатысы бар өзге де құжаттар.

Егер сақтандыру жағдайының мән-жайларынан залалдың мөлшері мен дәрежесін айқындау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайына қатысты қосымша мәліметтер алу қажет болса, Сақтандырушы өзге де құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы және егер сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына қатысты негізді күмәндары болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы құзыретті органдармен расталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау мерзімін ұзартуға құқылы.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.

10.2. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) жүзеге асырылады.



10.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушыдан/Сақтандырылушыдан осы Ереженің 9.1-тармағында көзделген барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

10.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

10.5. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы, құқықтық көмек көрсету кезінде кәсіби қателік жіберген және шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсетілетін тұлға алдындағы жауапкершілігі сот шешімімен белгіленген Сақтанушының жауапкершілігі негізінде айқындайды, немесе сот шешімінсіз, Пайда алушының талабын тану туралы Сақтандырушы мен Сақтанушының жазбаша келісімі болған жағдайда айқындалады.

10.6. Егер Пайда алушы келтірілген шығындар үшін жауапты тұлғалардан өтем алса, Сақтандырушы Сақтандыру шартының шарттары бойынша төленуге тиіс сома мен Пайда алушы алған сома арасындағы айырманы ғана төлейді.

11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

11.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

- 1) қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.

11.2. Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

11.3. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың салдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 842-бабына сәйкес айқындалады. Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі қайтарылған жағдайда Сақтандырушы әкімшілік шығыстарды сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде ұстап қалумен сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.

11.4. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабында көзделмеген негіздер бойынша Сақтанушының талап етуі бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

11.5. Егер Сақтанушыға, оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне немесе контрагенттеріне қатысты Украина территориясының тұтастығына, тәуелсіздігіне және егемендігіне қауіп төндіретін немесе оны бұзатын әрекеттерге байланысты ОФАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбританияның санкциялары және/немесе шектеулері қолданылса, Сақтандырушы Сақтандырушыға жазбаша хабарлама жолдау арқылы шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы. Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта немесе пошта арқылы Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1. Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қарауына беріледі.

13. ҚОСЫМША ШАРТТАР

13.1. Сақтанушы мен Сақтандырушының арасындағы келісім бойынша Тараптар осы Ереженің жекелеген ережелерін өзгертуге/алып тастауға немесе сақтандыру шартын Қазақстан Республикасы



**АДВОКАТТАРДЫҢ/ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ КӘСІПТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА
РЕДАКЦИЯДА МАЗМҰНДАЛҒАН)**

заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де ережелермен (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) толықтыруға құқылы.